

**"Спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының құрама және штаттық құрама командаларының (спорт түрі бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 25 шілдедегі № 289 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 6 мамырдағы № 115 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 10 мамырда № 20606 болып тіркелді

"Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабынының 31) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1."Спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының құрама және штаттық құрама командаларының (спорт түрі бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 25 шілдедегі № 289 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9682 болып тіркелген, 2014 жылғы 22 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының құрама және штаттық құрама командаларының (спорт түрі бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамын қалыптастыру қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1- тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының құрама және штаттық құрама командаларының (спорт түрі бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамын қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Дене шынықтыру және спорт туралы" 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес әзірленген және спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама және штаттық құрама командаларының (спорт түрі бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамын қалыптастыру тәртібін айқындайды.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидада мынадай ұғымдар қолданылады:

1) аға жаттықтырушы - Қазақстан Республикасының құрама командаларының негізгі және резервтік (жастар, жасөспірімдер) құрамасының даярлығы үшін жауап беретін жаттықтырушы;

2) бірінші жаттықтыруши - жоғары дәрежедегі спортшыларды даярлаудың бастапқы (ерте) кезеңдерінде спортшыны даярлауды (кемінде үш жыл) жүзеге асыратын жаттықтыруши;

3) жаттықтырушылар кеңесі - спортшылар мен командаларды спорт жарыстарына қатысуға даярлау әдістемесіне ұсынымдар әзірлеу үшін бас жаттықтыруши, мемлекеттік жаттықтыруши, облыстардың аға жаттықтырушылардан, спорт түрлері бойынша құрама командалардың дәрігерлерінен, дene шынықтыру және спорт саласындағы ғалымдардан, дene шынықтыру, спорт түрлері бойынша республикалық федерациялардың кеңесші органды;

4) жеке жаттықтыруши - спортшыны спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының құрама командасынан (спорт түрі бойынша ұлттық құрама командадан) тыс болған кезеңінде оның жеке-дара даярлау жоспарын орындаудың бағытталған даярлауды (кемінде үш жыл) жүзеге асыратын жаттықтыруши;

5) жылдың басты республикалық жарыстары - Қазақстан Республикасының чемпионаттары, Қазақстан Республикасының спартакиадалары және Қазақстан Республикасының кубоктері;

6) Қазақстан Республикасының штаттық құрама командалары (спорт түрлері бойынша ұлттық штаттық құрама командалар) - Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген қаржылық шарттармен спорттық қызметті жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы астында халықаралық спорттық жарыстарға қатысатын спортшылар, жаттықтырушылар, отандық және шетелдік мамандар ұжымдары;

7) мемлекеттік жаттықтыруши - Қазақстан Республикасының аумағында спорт түрін (түрлерін) дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша функциялар мен іс-шараларды жүзеге асыратын жаттықтыруши;

8) нысаналы кешенді бағдарлама - спорттық ұйымдардың күш-қимылын мақсатты және тиімді бөлуге, біліктілігі жоғары спортшыларды тәрбиелеудің басты бағыттарына назар аударуға мүмкіндік беретін, оқу-жаттығу, ғылыми-әдістемелік және медициналық қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны, тәрбиелік және патриоттық жұмысты дамытуды қоса алғанда, олимпиядалық циклға спортшыларды даярлау жөніндегі мәселелерді кешенді шешуге арналған перспективалы жоспар;

9) спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасы құрама командасының (спорт түрі бойынша ұлттық құрама команданың) бас жаттықтырушысы - Қазақстан Республикасының спорт түрі бойынша құрама командасына (спорт түрі бойынша ұлттық құрама командаға) басшылық жасауға, оның даярлығына, қалыптастырылуына және әлем чемпионаттарына, Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарына және басқа да халықаралық жарыстарға қатысатына жауап беретін жаттықтыруши;

10) спортшы - спорт түрімен (түрлерімен) жүйелі түрде айналысатын және спорттық жарыстарға қатысатын жеке тұлға;

11) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командалары (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалар) - даярлықты жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы астында халықаралық спорттық жарыстарға қатысатын спортшылар, жаттықтырушылар, отандық және шетелдік мамандар ұжымдары.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының құрама команда (спорт түрі бойынша ұлттық құрама команда) негізгі және резервтік (жастар, жасөспірімдер) құрамдарына үміткерлер арасынан қалыптасады.

Спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының құрама команда (спорт түрі бойынша ұлттық құрама команда) негізгі және резервтік (жастар, жасөспірімдер) құрамдарының мүшелері республикалық және халықаралық жарыстардың жеңімпаз спортшылары мен жүлдегерлері болып табылады.

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының негізгі және резервтік (жастар, жасөспірімдер) құрамдарындағы мүше спортшылар-үміткер өз қатарларынан команда капитанын сайлайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Негізгі және резервтік (жастар және жасөспірімдер) контингент мүшелерінің сандық құрамына:

1) ұштік құрамға - олимпиадалық спорт түрлері бойынша;

2) кос құрамға - олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша;

3) бір жарым құрамға - ойын (олимпиадалық және олимпиадалық емес) спорт түрлері бойынша қабылданады.";

2-тaraудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тaraу. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамдарын қалыптастыру тәртібі";

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамы спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кандидаттардың тиісті тізіміне енгізілген спортшылар қатарынан қалыптастырылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Аккредиттелген республикалық және (немесе) өнірлік спорт федерациялары алдыңғы жылдың басты республикалық спорттық жарыстарында өнер көрсету нәтижелері бойынша спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама команда (спорт түрі бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кандидаттарды іріктеуді жүргізеді.";

мынадай мазмұндағы 7-1, 7-2, 7-3-тармақтармен толықтырылсын:

"7-1. Аккредиттелген республикалық және (немесе) өнірлік спорт федерациялары спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командасының құрамына қабылдау үшін дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілдегі органға (бұдан әрі - уәкілдегі орган) мынадай құжаттарды ұсынады:

1) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының (спорт түрі бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына спортшыларды енгізу туралы қолдауhat;

2) спорт түрі бойынша аккредиттелген республикалық және (немесе) өнірлік спорт федерациясының мөрімен расталған спорттық жарыстардың хаттамасы (алдыңғы жылдың басты жарыстарындағы спорттық нәтижесі);

3) Қазақстан Республикасының спорт түрі бойынша құрама командасының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына қабылдауға үміткер спортшының "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бүйрүғымен бекітілген 086/у нысанындағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) медициналық анықтамасы;

4) соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама.

7-2. Осы Қағидалардың 7-1-тармағында көзделген құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

7-3. Уәкілдегі орган ұсынылған құжаттардың негізінде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамын бекіту туралы бүйрүқ шығарады.";

8-тармақ мынадай мазмұндағы жазылсын:

"8. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамын Заңын 7-бабының 30 ) тармақшасына сәйкес уәкілдегі орган жыл сайын жазғы спорт түрлері бойынша 25 желтоқсанға дейін және қысқы спорт түрлері бойынша 1 маусымға дейін бекітеді.";

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мәртебесін және спортшылардың жауапкершілігін арттыру мақсатында спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) негізгі және резервтік (жастар және жасөспірімдер) құрамдарының жаңа мүшелерін осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес спорт түрі

бойынша Қазақстан Республикасы құрама командасы мүшесінің Аntyн қабылдай отырып, салтанатты қабылдау өткізіледі.

11. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелері спорттық нәтижелерді тәмендеткені, спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының спортшыларын даярлаудың жеке жоспарын жүйелі орындағаны, Қазақстан Республикасының допингке қарсы ережелерін бұзғаны үшін, сондай-ақ спорттық этика нормаларын бұзғаны үшін спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамынан шығарылады.";

мынадай мазмұндағы 18-тармақпен толықтырылсын:

"18. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді, спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамынан шығаруды тиісті спорт түрі бойынша аккредиттелген республикалық және (немесе) өнірлік спорт федерациясының қолдауhatы негізінде уәкілдеп орган жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 3-тараумен толықтырылсын:

"3-тарау. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының штаттық құрама командаларын (спорт түрлері бойынша штаттық ұлттық құрама командаларды) қалыптастыру тәртібі

19. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының штаттық құрама командаларының (спорт түрлері бойынша штаттық ұлттық құрама командалардың) құрамы спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелері қатарынан қалыптастырылады.

20. Бас жаттықтырушы алдыңғы жылдың (спорт түрі бойынша) халықаралық және республикалық спорттық жарыстарында өнер көрсету нәтижелері бойынша аккредиттелген республикалық және (немесе) өнірлік спорт федерациясымен келісім бойынша және жаттықтырушылар кеңесі отырысының қорытындылары бойынша кандидаттарды іріктеуді жүргізеді.

21. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының штаттық құрама командаларының (спорт түрлері бойынша штаттық ұлттық құрама командалардың) сандық құрамы құрама командалар мүшелерінің халықаралық және республикалық спорттық жарыстарында өнер көрсетуі және спорт түрлерін саралау қорытындылары бойынша айқындалады.

22. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының штаттық құрама командаларының (спорт түрлері бойынша штаттық ұлттық құрама командалардың)

құрамына қабылдау үшін аккредиттелген республикалық және (немесе) өнірлік спорт федерациялары уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының штаттық командасының құрамына енгізу туралы қолдаухат;

2) спорт түрі бойынша аккредиттелген республикалық және (немесе) өнірлік спорт федерациясының мөрімен расталған спорттық жарыстардың хаттамасы (алдыңғы жылдың басты жарыстарындағы спорттық нәтижесі);

3) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Спорттық медицина және оқалту орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының медициналық қорытындысы;

4) соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама;

5) Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі № 295 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9673 болып тіркелген) Спортшыны тіркеу туралы куәлікті беру және ауыстыру, спорт федерацияларының спортшыны тіркеу туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес спортшыны тіркеу туралы куәліктің көшірмесі.

23. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының штаттық құрама командаларының құрамын Заңның 7-бабының 30) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган жыл сайын жазғы спорт түрлері бойынша 25 желтоқсанға дейін және қысқы спорт түрлері бойынша 1 маусымға дейін бекітеді.

24. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының штаттық құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) мүшелері спорттық нәтижелерді төмендеткені, спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының спортшыларын даярлаудың жеке жоспарын жүйелі орындағаны, Қазақстан Республикасының допингке қарсы қағидаларын, спорттық әдеп нормаларын бұзғаны үшін, сондай-ақ еңбек қызметі туралы шарттың немесе спорттық қызмет туралы шарттың (келісімшарттың) талаптарын бұзғаны үшін спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының штаттық құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамынан шығарылады.

25. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының штаттық құрама командасының (спорт түрлері бойынша ұлттық штаттық құрама командалардың) құрамына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді, спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының штаттық құрама командасының (спорт түрлері бойынша ұлттық штаттық құрама командалардың) құрамынан шығаруды тиісті спорт түрі бойынша аккредиттелген республикалық және (немесе) өнірлік спорт федерацияларының қолдауhatы негізінде уәкілетті орган жүзеге асырады.

26. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының штаттық құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына қабылдаудан бас тарту үшін:

1) осы Қағидалардың 22-тармағында көзделген құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;

2) спортшының және (немесе) ұсынылған деректер мен мәліметтердің осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеуі негіз болып табылады.

27. Уәкілетті орган ұсынылған құжаттардың негізінде осы Қағидалардың З-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қосымшамен спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының штаттық құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық штаттық құрама командалардың) құрамын бекіту туралы бұйрық шығарады.";

осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес редакцияда 1-қосымшамен толықтырылсын; Қағидаларға қосымша осы бұйрықтың 2-қосымшасының редакциясында жазылсын; осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес редакцияда 3-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілед.

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министри

A. Раимкулова

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
министрінің  
2020 жылғы 6 мамырдағы  
№ 115 бұйрығына 1-қосымша  
Спорт түрі бойынша  
Қазақстан Республикасының  
құрама және штаттық құрама  
командаларының (спорт түрі  
бойынша ұлттық құрама  
командалардың) құрамын  
қалыптастыру қағидаларына  
1-қосымша

## **Спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының (спорт түрі бойынша ұлттық құрама командалардың) ҚҰРАМЫ**

№	Спортшының тегі, аты, әкесінің аты ( болған жағдайда сәйкестендіру номірі )	Жеке сәйкестендіру	Спорттық атағы, разряды	Ең жақсы нәтижесі	Өнір, тұрақты мекен жайы	Оқу, жұмыс орны	Жаттықтырушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
							Бірінші жаттықтырушы	Жеке жаттықтырушы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
министрінің  
2020 жылғы 6 мамырдағы  
№ 115 бұйрығына 2-қосымша  
Спорт түрі бойынша  
Қазақстан Республикасының  
құрама және штаттық құрама  
командаларының (спорт түрі  
бойынша ұлттық құрама  
командалардың) құрамын  
қалыптастыру қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

## **Спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының құрама командасы мүшесінің (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) анты**

Мен, \_\_\_\_\_ (тегі аты, әкесінің аты (болған жағдайда))  
мені \_\_\_\_\_ спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының құрама  
командасына (спорт түрі бойынша ұлттық құрама команданың) қабылдауды  
мемлекеттің ерекше сенімі ретінде бағалай және өзімнің жауапкершілігіндегі сезіне  
отырып:

- аса жоғары нәтижелерге жету үшін өзімнің жеңіске деген бар күш-жігерімді  
жұмсай

отырып, спорт аренасында біздің Отанымыздың намысын лайықты қорғау үшін  
спортық

шеберлігімді үнемі жетілдіруге;

- спорт жарыстарында адал күресуге, жарыс ережелерін қатаң сақтауға, допингке  
қарсы

қағидаларды ұстануға және тыйым салынған заттарды және (немесе) әдістерді пайдаланбауға;

- спорттағы тәлімгерлердің барлық нұсқаулары мен талаптарын орындауға, жаттықтыруыш-оқытушылар құрамына, команда мүшелеріне, бәсекелестерге, төрешілерге,

көрермендер мен жанкүйерлерге сыйластықпен қарауға;  
- өзімнің барлық іс-эрекетімде спорттық әдеп ережелерін басшылыққа алуға  
салтанатты

түрде ант етемін.  
Менің осы антты бұзыым спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының құрама командасының (спорт түрі бойынша ұлттық құрама команданың) мүшесі деген

жетары

тегі аты әкесінің аты (болған жағдайда) (күні)

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
министрінің  
2020 жылғы 6 мамырдағы  
№ 115 бұйрығына 3-қосымша  
Спорт түрі бойынша  
Қазақстан Республикасының  
құрама және штаттық құрама  
командаларының (спорт түрі  
бойынша ұлттық құрама  
командалардың) құрамын  
қалыптастыру қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

Спорт түрі бойынша Қазақстан Республикасының штаттық кұрама командаларының (спорт түрі бойынша ұлттық кұрама командалардың) курамы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК